

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтикалық
Академиясы

Презентация

Тақырыбы: Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымы



Жоспар

Кіріспе

Негізгі бөлім

ДДСҰ-ның құрылуы және мақсаттары

Алматы декларациясы 1978 жыл

ДДСҰ Қазақстанда құрылуы

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

БҰҰ-дың Денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі бүкіл дүниежүзілік Ұйымы

- 1946 жылы құрылған.
- Қатысушылар — БҰҰ-ға мүше мемлекеттер.
- Мақсаты — қоршаған ортаға жағымсыз ықпал-әсерлерді бақылау және басқару арқылы адам денсаулығын қорғау және жақсарту.
- Негізгі қызметі — қоршаған ортаны сауықтыру жөнінде шаралар өткізу, соның ішінде химиялық препараттарды пайдаланудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ластану деңгейін бағамдау және бақылау, радиоактивтік сәулеленуден қорғау, климаттың өзгерістерінің адамның денсаулығына ықпал-әсерін бағамдау, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғаудың ғаламдық стратегиясын талдап-белгілеу.
- Мекен-тұрағы — Швейцария, Женева.

ДДҰ-ның міндеті

ДДҰ кеңсесінің басты міндеттері медициналық-санитарлық алғашқы көмекті дамыту саласында денсаулық сақтау қызметтерін көрсетуді күшейту. «ДДҰ еуропалық өңірлік бюросының денсаулық сақтау қызметтерін әділ, қайырымды, нәтижелі және тиімді ұсынуға қатысты жаһандық міндеттерін орындауға көмектесетін болады», - деді ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова заң жобасын таныстыру барысында.- «Бұл ДДҰ кеңсесі Еуропалық өңірлік бюросының денсаулық сақтау және қоғамдық денсаулықты сақтау жүйелері бөлімінің жедел бөлімшесі ретінде жұмыс істейтін болады. Ол өз қызметін ДДҰ-ның екі жылдық жоспарлау цикліне сәйкес жүзеге асыратын болады».

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы

Дүниежүзілік Денсаулық
Сақтау Ұйымы(ДДСҰ) – 1946 жылы
БҰҰ-ның жанынан құрылған
халықаралық медициналық мекеме.
Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау
Ұйымының жарғысында бекітілген
негізгі мақсаты — жер бетіндегі
барлық халықтардың денсаулығын
жақсартуға қол жеткізу. ДДСҰ-ның
жарғысы қабылданған күн (1948,
7 сәуір) Дүниежүзілік денсаулық
қорғау күні болып аталады.



Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының жоғары органы — Дүниежүзілік денсаулық сақтау ассамблеясы. Ассамблея Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының жұмыс бағытын анықтап, Бас директорын (5 жылға) тағайындайды. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының орта әкімшілік органы — Хатшылық (штаб пәтері Женева қаласы; Швейцария).



Энн М.Венеман Юнисеф Балалар фондының директоры, Директор Анатолий Дерновой, ҚР-ның Денсаулық Сақтау Министрлігі, ДДСҰ-ның директоры Маргарет Чен.



Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымына 192 мемлекет мүше (2000). Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымына 1992 жылы 19 тамызда мүше болып қабылданды (Еуропа аймақтық ұйымына кіреді). Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы 6 аймақтық ұйымнан (олардың атқару органдары — аймақтық бюро) тұрады: [Еуропа] (аймақтық бюросы — Копенгаген қаласында, Дания); Африкалық (Браззавиль қаласы; Конго); Жерорта теңізінің шығыс бөлігі (Александрия қаласы, Египет); Оңтүстік-Шығыс Азиялық (Нью-Дели қаласы, Үндістан); Тынық мұхит жағалауының батыс бөлігі (Манила қаласы, Филиппин) және америкалық (Вашингтон қаласы, АҚШ).



Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының жұмысының негізгі бағыттары

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының жұмысының негізгі бағыттары: жұқпалы және жұқпалы емес аурулармен күрес жүргізу, оған мүше елдердің денсаулық сақтау жүйесі мен қызметін дамыту, маман дәрігерлер дайындау, медицина статистика есеп жүргізу (мысалы, ауру түрлері мен одан қайтыс болу себептерін халықаралық деңгейде саралап жүйелеу, адамдардың денсаулығы туралы мәліметті тарату, т.б.), дәрілік препараттардың дайындалуын жіті қадағалау, медицинаның маңызды мәселелерін шешуде ҒЫЛЫМ зерттеулер жүргізуді қолдау, т.б.

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының сәтті аяқталған халықараралық жобаларына дүние жүзінде безгек және шешек ауруларын жою бағдарламасы жатады. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы, сондай-ақ, туберкулезбен, жыныстық қатынас арқылы берілетін аурулармен, паразиттік, жұқпалы және жұқпалы емес аурулармен (мысалы, жүрек-қантамыр, қатерлі ісік, психикалық аурулар, т.б.) күрес жүргізу бағдарламаларын іске асыруда.

ДДСҰ-на Қазақстан Республикасы мүше болды

Қазақстан Республикасы 1992 жылы 19 тамызда ДДСҰ-на 180-ші мүшесі болып қосылды. Географиялық біздің еліміз ДДҰ Еуропалық аймағындағы табылады. Қазіргі уақытта ДДСҰ-на 194 ел мүше болып табылады. 1978 жылы Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы мен БҰҰ-ның балалар қоры (ЮНИСЕФ) ұйымдастырған Алматы халықараралық конференциясында 20 ғасырдағы Денсаулық сақтау ісінің хартиясы аталған “Алматы декларациясы” қабылданды.

67-ші Дүниежүзілік денсаулық сақтау ассамблеясының аясында 21 Мамыр 2014 Женевада 11 ақпанда 2015 ашылды Алматыда алғашқы медициналық көмек бойынша Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының географиялық бытырап кеңсесінің, ашу туралы келісімге қол қойды. Ол Қазақстанда Еуропа Жужанна Јакаб үшін аймақтық бюро директоры сапары орайластырылды. Осы кеңсенің қызметі елдің денсаулығы зияткерлік әлеуетін қалыптастыру және Қазақстанда алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету үшін әлемдік озық тәжірибені бейімделуге, Еуропа өңірінде енгізілетін озық технологиясын, сақтаймыз.

Бүгінгі күні, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының қазақстандық Еуропалық Аймақтық Бюросының (ДДҰ ЕАБ) Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі арасындағы 2014-2015 жылдарға арналған ынтымақтастық жөніндегі екі жылдық келісімге қол қойды. Еуропалық өңірлік комитетінің 62-сессиясында қабылданды Денсаулық -2020, - Еуропадағы жақсы денсаулық, сондай-ақ еуропалық денсаулық сақтау саясатын негізінде жатыр ұғымдар, принциптер мен құндылықтарды - құжат ДДҰ Еуропалық аймақтық бюросының жаңа болжамын көрсетеді. Денсаулық-2020 стратегиялық іс-қимыл төрт бағыттарын ұсынады: адам өмірі мен азаматтар мүмкіндіктерін құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту барлық кезеңдерінде денсаулық сақтау инвестициялау; инфекциялық емес аурулар мен жұқпалы ауруларға байланысты аймақтағы ең өзекті мәселелері; денсаулық сақтау жүйесін нығайту төтенше дайын қамтамасыз ету, адамдардың қажеттіліктеріне бағытталған.

Қазақстан мен ДДҰ арасында, сондай-ақ белгіленген іскерлік қарым-қатынас бар. Қазақстан Копенгагенде ДДҰ аймақтық кеңсесі және Женевада штаб-пәтерінде екі ынтымақтастықтың серпінді дамуына ерекше көңіл бөледі. Біздің еліміз жаһандық әріптестік «Туберкулезді тоқтату» бейілділігін бөліседі.

- Шаралар елдегі туберкулезбен сырқаттанушылық қысқартуға көмектесті ДДҰ бірге қабылданған.
- Ана мен бала денсаулығын сақтау, ұлттық басымдықтардың бірі болып табылады. Ұзақ дайындау кезеңінен кейін, 2008 жылдың қаңтарында, Қазақстан осылайша өмір сүру және өмір үшін балалардың құқықтарын қорғау үшін өз адалдығын растай, тірі және өлі туу бағалау, ДДҰ және ЮНИСЕФ ұсынған халықаралық критерийлерді көшті.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ДДҰ Еуропалық өңірлік бюросының арасындағы 12 желтоқсан 1994 денсаулық сақтау саласындағы техникалық және консультативтік ынтымақтастық құру туралы негіздемелік келісімге қол қойды. 1993 жылдың шілде айында Алматы қаласында Қазақстан ДДҰ байланыстар бөлімінің бюросы ашылды. Қазіргі уақытта Астана қаласында Қазақстан елдегі тұрақты өкілдік ДДҰ ұсынылған.

Алматы декларациясы

1978 жыл

1978 жылы Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымымен ДДҰ және ЮНИСЕФ-тің қолдауымен Алматы қаласында алғашқы дәрігерлік көмекті жетілдіруге арналған халықаралық конференция өткен еді. 146 елдің денсаулық сақтау министрлері бас қосқан осы конференцияда бүкіл дүниежүзі бойынша жалпы қарапайым халыққа дәрігерлік көмек жүйесін жетілдіру, дамыту, орын алған кемшіліктерді түзету мәселелері қозғалған еді. Соның нәтижесінде атақты «Алматы Декларациясы» дүниеге келді. Ол кейіннен «Бүкіл дүние жүзілік денсаулық сақтау ісінің XX ғасырдағы ұлы хартиясы» аталып, қазіргі күнге дейін белгілі құжатқа айналды. Құжатқа ДДҰ президенті Н.Махлер «Алматы Декларациясы – XX ғасырдағы денсаулық сақтау ісінің ұлы хартиясы» деген баға бергенді.



Алматы конференциясында қабылданған «Алматы Декларациясына» зор мән беріліп, оны халық мүддесіне бағытталған «Ұлы форум» деп есептеп, әрбір бес жыл сайын аталып өтілуде. Конференция сол кездері Қазақстанның денсаулық сақтау министрі қызметін атқарған академик Т.Шармановтың ұйымдастыруымен өткізілген еді.

Төрегелді Шарманов

Алғашқы дәрігерлік-санитарлық көмек көрсету туралы сол Декларацияға биыл 35 жыл толғанмен, өзінің маңыздылығын әлі жойған емес. Медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, сапасы мен сабақтастығын қамтамасыз ету, тұрғындардың денсаулығы мен әл-қуатын тұрақты да орнықты жақсарту бүгінде Қазақстанның басым бағыттарының бірі болып отыр.



1978 Алматы Декларациясының мақсаты

Денсаулық дегеніміз тек сырқаттың немесе физикалық ақаудың болмауы ғана емес, физикалық, рухани және әлеуметтік әл-ауқат жағдайы болғандықтан, адамның негізгі құқығы болып табылатындығын және мүмкін болатындай жоғары денсаулық деңгейіне қол жеткізу – орындалуы үшін денсаулық сақтау секторына қосымша қоғамның көптеген әлеуметтік және экономикалық секторлары бірігіп күш салуы қажет болатын маңызды, бүкіләлемдік әлеуметтік міндетті құрайтындығын конференция тағы да кесімді түрде растайды.

II
Адамдардың денсаулық деңгейіндегі, әсіресе дамушы және дамыған елдер арасындағы, сондай-ақ елдердің өзінде де орын алып отырған үлкен теңсіздік саяси, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан тиімсіз, сондықтан да барлық елдер үшін ортақ қамқорлық тақырыбын тудырады.

III

Жаңа халықаралық экономикалық тәртіп негізіндегі экономикалық және әлеуметтік даму барлық адамдардың денсаулықтың мейлінше жоғары деңгейіне қол жеткізуі мен дамыған және дамушы елдердегі адамдардың денсаулық жағдайындағы айырмашылықты қысқарту үшін маңызды болады. Халықтың денсаулығын қорғау және нығайту үздіксіз экономикалық және әлеуметтік дамудың маңызды бөлігі болып табылады, өмір сүру сапасын арттыруға жағдай жасайды және жалпы әлемге ортақ қызмет етеді.

IV

Адамдар жеке және ұжымдық негізде оларға медициналық-санитариялық қызмет көрсетуді жоспарлау мен жүзеге асыруға қатысуға құқылы және міндетті.

V

Үкіметтер тиісті медициналық-санитариялық және әлеуметтік іс-шараларды жүзеге асыру арқылы ғана қамтамасыз етіле алатын өз халықтарының денсаулығы үшін жауапты болады. Әлемнің барлық халықтарының 2000 жылға қарай олардың әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан өнімді өмір салтын жүргізулеріне мүмкіндік беретіндей денсаулық деңгейіне қол жеткізуі - үкіметтердің, халықаралық ұйымдардың және барша әлем жұртшылығының алдағы онжылдықтардағы негізгі әлеуметтік міндеттерінің бірі болуы тиіс. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек әлеуметтік әділдік рухында дамудың бір бөлігін құрайтын осы міндетті шешуде негізгі құрал болып табылады.

VI

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек медициналық-санитариялық қамтамасыз етудің маңызды бөлігін құрайды және ғылыми негізделген және әлеуметтік қолайлы практикалық әдістер мен барлық жерлерде жекелеген тұлғаларға да, қауымдағы отбасыларға да олардың бұл жұмысқа жан-жақты қатысқан кезінде және, жалпы алғанда, қауым мен ел дербестік пен өзін-өзі айқындау рухындағы өз дамуының әр кезеңінде жұмсай алатын шығындар жағдайында қолжетімді болуы тиіс технологияларға сүйенеді. Ол - басты қызметін жүзеге асыра отырып және орталық звеносы бола отырып, ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің және қоғамның жалпыға ортақ әлеуметтік- экономикалық дамуының да ажырамас бөлігін құрайды. Ол жекелеген тұлғалардың, отбасылар мен қауымның ұлттық денсаулық сақтау жүйесімен байланысқа түсуінің бірінші деңгейі болып табылады, медициналық-санитариялық көмекті адамдардың тұрғылықты және жұмыс орындарына барынша жақындатады және халық денсаулығын үздіксіз қорғау үдерісінің алғашқы кезеңі болып табылады.

VII

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек:

1. елдің және оның қауымдарының экономикалық жағдайлары мен әлеуметтік-мәдени және саяси сипаттық белгілерін көрсетеді және соларға сәйкес дамиды, медициналық-санитариялық қызметтердің әлеуметтік, медициналық-биологиялық және ұйымдастырушылық ғылыми зерттеулерінің тиісінше нәтижелерінің қолданылуымен, сондай-ақ қоғамдық денсаулық сақтау тәжірибесімен дамиды және соған сүйенеді;
2. қауымдағы негізгі медициналық-санитариялық мәселелерді шешуге бағытталған және тиісінше сауықтыру, алдын алу, емдеу және оңалту қызметтерін қамтамасыз етеді;
3. кемінде: денсаулық сақтаудың көбірек маңызды мәселелері және оларды ескерту мен шешу әдістері жөніндегі ағарту; дұрыс тамақтану, таза ауыз сумен қамтумен қамтамасыз етуге және негізгі санитарлық шараларды өткізуге көмектесу; ана мен бала денсаулығын қорғау, оның ішінде отбасын жоспарлау; негізгі жұқпалы ауруларға қарсы иммунизация; сол аудандағы эндемиялық аурулардың профилактикасы мен оларға қарсы күрес; кең таралған аурулар мен жарақаттарды тиісінше емдеу; және негізгі дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз ету кіреді;

1979 жылы Өлкелік патология ғылым-зерттеу институты (қазіргі Гигиена және эпидемиология ғылым-зерттеу орталық) жанынан Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымымен бірлесіп жұмыс істейтін алғашқы медицина-санитариялық көмек жөніндегі Халықараралық орта ашылды. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы бюджетінің негізін оған мүше елдерден жүйелі түрде жиналатын жарналары құрайды.

Қорытынды



Назарларыңызға рахмет

